

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2018 жылға арналған субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 21 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 шілдедегі № 201 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 31 шілдеде № 4867 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 8 қазандағы № 282 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 08.10.2018 № 282 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 2-тармағына, "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 бұйрығымен бекітілген (2017 жылғы 17 ақпанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14813 болып тіркелді) Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 5-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2018 жылға арналған субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 21 қаулысына (2018 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4557 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қаулысына осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы әкімдік қаулысын мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы - Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер бойынша орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
әкімінің міндетін атқарушы*

А.Сапаров

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "16" шілдедегі № 201 қаулысымен бекітілді
Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы "23" қаңтардағы № 21 қаулысына қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2018 жылға арналған субсидиялар нормативтері және көлемдері

Р/с №	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар көлемі, мың теңге
	Етті мал шаруашылығы				
1.	Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу				
	Тауарлы аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	37 000	370 000,0
2)	Қосымша норматив:				
	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	8 000	14 000	112 000,0

	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	6 000	12 000	72 000,0
	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	18 000	180 000,0
	Қосымша норматив:				
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000	12 000	240 000,0
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000	4 000	60 000,0
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	150 000	2 000	300 000,0
	Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	16 000	160 000,0
2)	Қосымша норматив				
	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000	10 000	200 000,0
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000	5 000	75 000,0
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу				
1)	отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000	1 000	170 000,0
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара малы				
	Еуропа және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен	бас	150 000	500	75 000,0
3.	Сүт өндіру мен дайындаудың құнын арзандату:				
1)	бағымдағы мал басы 400 бастан басталатын шаруашылық	тонна	37 500*	25 000	937 500,0
2)	бағымдағы мал басы 50 бастан басталатын шаруашылық	тонна	22 500*	16 000	360 000,0
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	тонна	15 000*	6 000	90 000,0
	Мал шаруашылығы				
1.	100 бастан бастап тірі салмақтағы бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату:				
1)	400-ден 450 килограмға дейін	бас	45 000	500	22 500,0
2)	451-ден 500 килограмға дейін	бас	60 000	400	24 000,0
3)	501-ден 550 килограмға дейін	бас	65 000	200	13 000,0
4)	551-ден 600 килограмға дейін және одан жоғары	бас	75 000	140	10 500,0
5)	ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	бас	20 000	1 000	20 000,0
2.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	5380	23000	123 740,0

3.	Қоғамдық және тауарлы табындарда етті, сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқаларын күтіп-бағу	бас	100 000	300	30 000,0
Етті құс шаруашылығы					
1.	Отандық және шетелдік шаруашылықтардан ата-енелік/ ата -тектік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	бас	600	50 000	30 000,0
2. Құс (бройлер) етін өндіру құнын арзандату					
1)	1000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	тонна	75 000*	1 700	127 500,0
2)	Нақты өндірісі 20 тоннадан басталатын құс (суда жүзетін құс және бройлер) етін өндіру құнын арзандату	тонна	40 000	300	12 000,0
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату:					
1)	100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	2 500	500 000	1 250 000,0
2)	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	2 200	80 000	176 000,0
3)	20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	мың дана	2 000	37 000	74 000,0
Шошқа шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу	бас	75 000	300	22 500,0
Қой шаруашылығы					
1. Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу					
1)	асыл тұқымды қойлардың аналық басы	бас	2 500	1 990	4 975,0
2)	тауарлы қойлардың аналық басы	бас	1 500	3 000	4 500,0
3. Асыл тұқымды қойлар сатып алу					
1)	тұсақтар	бас	8 000	450	3 600,0
2)	тұқымдық қошқарлар	бас	20 000	250	5 000,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу	бас	100 000	120	12 000,0
2.	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	бас	40 000	200	8 000,0
3.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	тонна	60 000	25	1 500,0
4.	Жылқы етін өндіру құнын арзандату	тонна	92 000	21	1 932,0
Азық өндіру					
Ауыл шаруашылығы жануарлары азықтарына арналған шығындар құнын арзандату					
1.	сүтті мал шаруашылығы	бас	94 800	13 650	1 294 020,0
2.	етті мал шаруашылығы	бас	66 600	17 240	1 148 184,0
3.	шошқа шаруашылығы	бас	7 500	400	3 000,0
4.	қой шаруашылығы	бас	1 060	1 350	1 431,0
5.	жылқы шаруашылығы	бас	1 585	1 000	1 585,0

Жалпы облыс бойынша				7 826 967,0
---------------------	--	--	--	-------------

* - норматив 50%-ға ұлғайтылған

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК